

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 30-1 "2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 20 наурыздағы № 33-1 шешімі

Шыңғырлау аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №30-1 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

1. 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 6 624 123 мың теңге:

салықтық түсімдер – 787 340 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 15 937 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 6 200 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5 814 646 мың теңге;

2) шығындар – 6 747 777 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 157 280 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 157 280 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -280 934 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 280 934 мың теңге:

қарыздар түсімі – 157 280 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 73 460 мың теңге;

бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 197 114 мың теңге.";

4-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің жалпы сомасы 580 332 мың теңге ескерілсін:";

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алу – 208 118 мың теңге;"

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Аудандық бюджетте 2025 жылға арналған облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің жалпы сомасы 3 237 815 мың теңге ескерілсін:

балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке – 1 274 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 15 540 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарға құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға – 19 620 мың теңге;

әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге – 2 000 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жасанды құрылыстарын паспорттауға – 2 082 мың теңге;

аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының паспорттауға – 20 401 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылына су мұнарасын сатып алу және орнатуға – 35 000 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Қайыңды ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 17 700 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Ақсоғым ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 17 700 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Ұрысай ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 17 700 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Аққұдық ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 17 700 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы Қотантал ауылын сумен жабдықтау үшін кешенді блок модулін орнатуға – 17 700 мың теңге;

халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын жайын сатып алу – 89 191 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы "Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" аудандық маңызы бар автомобиль жолының 47-62 шк (15 шк) орташа жөндеуге – 1 605 676 мың теңге;

Шыңғырлау ауданы "Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" аудандық маңызы бар автомобиль жолының 62-77 шк (15 шк) орташа жөндеуге – 1 192 835 мың теңге;

"Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" - 1 автомобиль жолын күрделі жөндеуге – 87 661 мың теңге;

"Шыңғырлау-Ақшат-Сегізсай" - 2 автомобиль жолын күрделі жөндеуге (түзету) – 0 теңге;

"Ауыл - Ел Бесігі" бағдарламасы аясында:

Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылындағы орамшілік көшелерді күрделі жөндеу – 0 теңге;

Шыңғырлау ауданы Алмазное ауылындағы орамшілік көшелерді күрделі жөндеу – 0 теңге;

Шыңғырлау ауданы Сегізсай ауылындағы су құбырының құрылысы – 78 035 мың теңге.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Ауданның жергілікті атқарушы органының борыш лимиті 2025 жылдың 31 желтоқсанына 2 541 355 мың теңгені құрайды.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімінің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

С.Тұрғалиев

Шешімге қосымша

Шыңғырлау аудандық мәслихатының
2024 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 30-1 шешіміне 1- қосымша

2025 жылға арналған аудандық бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
				1) Кірістер	6 624 123
1				Салықтық түсімдер	787 340
	01			Табыс салығы	393 000
		1		Корпоративтік табыс салығы	3 000
		2		Жеке табыс салығы	390 000
	03			Әлеуметтік салық	345 192
		1		Әлеуметтік салық	345 192
	04			Меншікке салынатын салықтар	32 798
		1		Мүлікке салынатын салықтар	32 798
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге	2 350

				салынатын ішкі салықтар	
		2		Акциздер	650
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 700
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	14 000
		1		Мемлекеттік баж	14 000
2				Салықтық емес түсімдер	15 937
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	11 300
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 300
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	4 637
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	4 637
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 200
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 200

		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 200
4				Трансферттердің түсімдері	5 814 646
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	1
		3		Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	1
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5 814 645
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5 814 645
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				2) Шығындар	6 747 777
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	515 090
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	270 960

		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	58 919
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	58 919
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	212 041
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	212 041
2				Қаржылық қызмет	4 289
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4 289
			003	Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу	689
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 600
9				Жалпы сипаттағы өзге	239 841

				де мемлекеттік қызметтер	
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	59 077
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57 677
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 400
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	94 407
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 674
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы	5 733

				ағымдағы трансферттер	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	73 477
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	70 891
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 586
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	12 880
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	12 880
02				Қорғаныс	40 426
	1			Әскери мұқтаждар	8 018
		122		Аудан облыстық	8 018

				маңызы бар қала)) әкімінің аппараты	
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 018
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	32 408
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала)) әкімінің аппараты	32 408
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала)) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	7 675
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	24 733
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	800
	6			Қылмыстық-атқару жүйесі	800
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		451		қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	800
			039	Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру	800
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	323 707
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	25 989
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	25 989
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	25 989
	2			Әлеуметтік көмек	170 683
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	170 683
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	12 572
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың	31 349

				жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	985
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	88 293
			017	Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	37 484
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	127 035

		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	125 035
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71 640
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 720
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 567
			028	Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	46 108
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	0

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 000
			094	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттары н беру	2 000
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	791 878
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	328 537
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	31 228
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	3 807
			004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	10 487
			033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	16 934
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет,	297 309

				қала құрылысы және құрылыс бөлімі	
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	297 309
2				Коммуналдық шаруашылық	400 869
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	123 500
			012	С у м е н жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	123 500
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	277 369
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1 895
			058	Е л д і мекендердегі с у м е н жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	275 474
3				Е л д і - мекендерді көркейту	62 472
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,	62 472

				жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			015	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14 730
			016	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	0
			018	Елді мекендерді абаттандыру ж ә н е көгалдандыру	47 742
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	977 874
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	391 148
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	388 271
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	388 271
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	2 877
			011	Мәдениет объектілерін дамыту	2 877
	2			Спорт	186 052
				Ауданның (облыстық маңызы бар	

		457		қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	186 052
			008	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	167 518
			009	Аудандық ((облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5 594
			010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан ((облыстық маңызы бар қала) құрама командаларыны ң мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	12 940
	3			Ақпараттық кеңістік	260 295
		456		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	20 888
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	20 888
		457		Ауданның ((облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	239 407

			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	238 117
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 290
9				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	140 379
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	96 604
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 760
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	50 844
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	43 775
				Жергілікті деңгейде	

			001	мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 489
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 286
10				Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, ж е р қатынастары	84 483
	6			Ж е р қатынастары	42 489
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	42 489
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 889
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 600

	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	41 994
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	41 994
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	41 994
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	50 431
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	50 431
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	50 431
			001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық	48 247

				маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
			013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	2 184
12				Көлік және коммуникация	2 971 865
	1			Автомобиль көлігі	2 971 865
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 971 865
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	85 693
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 886 172

13				Басқалар	462 658
	9			Басқалар	462 658
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	300 000
			064	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	300 000
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	162 658
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	162 658
14				Борышқа қызмет көрсету	67 314
	1			Борышқа қызмет көрсету	67 314
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	67 314
				Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар	

			021	бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	67 314
15				Трансферттер	461 251
	1			Трансферттер	461 251
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	461 251
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4
			038	Субвенциялар	358 625
			049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	102 620
			054	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	2
				3) Таза бюджеттік кредиттеу	157 280

				Бюджеттік кредиттер	157 280	
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	157 280	
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	157 280	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	157 280	
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	157 280	
Санаты						Сомасы, мың теңге
	Сыныбы					
		Кіші сыныбы				
			Ерекшелігі			
				Атауы		
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0	
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0	
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген	0	

				бюджеттік кредиттерді өтеу	
			06	Мамандандыры лған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				Қаржы активтерін сатып алу	0
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0

				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-280 934
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	280 934
7				Қарыздар түсімдері	157 280
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	157 280
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	157 280
			03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	157 280
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
16				Қарыздарды өтеу	73 460
	1			Қарыздарды өтеу	73 460
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	73 460
			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	72 939
			022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік	521

				кредиттерді қайтару	
				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	197 114
Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
			Ерекшелігі		
				Атауы	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	197 114
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	197 114
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	197 114
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	197 114